

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдарының қызметкерлеріне және зейнеткерлеріне берілетін жеңілдіктер туралы

Құшын жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 12 тамыз N 995. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2706 Заң күші бар Жарлығының 24-бабының 7-тармағына және "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінде және оның органдарында қызмет өткеру туралы Ережені, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің және оның органдарының қызметкерлері қабылдайтын Ант мәтінін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 14 маусымдағы N 3035 Жарлығының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдарының қызметкерлері, зейнеткерлері үшін мынадай жеңілдіктер белгіленсін:

1/ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдарының қызметкерлері /бұдан әрі - Комитеттің қызметкерлері/ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінің не болмаса Ішкі істер министрлігінің оқу орындарын бітіргеннен кейін, сондай-ақ жаңа қызмет орнына ауыстырылғандар немесе алмастырылғандар Қазақстан Республикасында жұмысшылар мен қызметкерлер үшін белгіленген 30 есептік көрсеткіш мөлшерінде үш ай ішінде алғашқы кезде орналасуына арналған процентсіз несие алуға құқықты;

2/ жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдарына Комитеттің қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің уақытша тұруы үшін тұрғын үй-жайларды жалға ұсынуда жәрдем көрсетеді;

3/ тұрғын алаңмен қамтамасыз етілмеген Комитеттің қызметкерлеріне уақытша тұрғын үй-жайды жалға алушыдан жалға алу /жалға алу/ үшін мынадай мөлшерлерде ай сайынғы жәрдемақы төленеді:

Алматы қаласында - республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті

көрсеткіштің төрт есе шамасында;

облыс орталықтарында - республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткіштің үш есе шамасында;

басқа елді мекендерде - республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткіштің екі есе шамасында;

4/ жергілікті атқарушы орган бөлген тұрғын үй-жайлар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің тұрақты пайдаланылуына бекітіліп беріледі;

5/ еңбек сіңірген жылдарына қарамастан Комитеттің қызметкерлері, сондай-ақ 20 және одан да көп жыл қызмет еткен, қызметтен жасы, денсаулық жағдайы, штаттардың қысқаруы бойынша босатылған адамдар отбасы мүшелерімен тұратын барлық тұрғын алаңға, коммуналдық қызметтерге, отынға және мемлекеттік, ведомстволық, жекешелендірілген тұрғын үйді ұстау жөніндегі пайдалану шығыстарына, сондай-ақ пәтер телефондарын орнатуға және пайдалануға 50 проценттен аспайтын мөлшерде ақы төлейді;

6/ 5-тармақшада көрсетілген жеңілдіктер қызмет борышын орындауға байланысты Мемлекеттік тергеу комитетінде, оның органдарында қызмет өткерген кезеңде мүгедек болған, сондай-ақ комитеттің қаза тапқан, қайтыс болған /жараланудың, контузияға ұшыраудың немесе қызмет ету кезеңінде науқастанудың салдарынан/ немесе хабарсыз кеткен қызметкерлердің ата-аналары мен отбасының мүшелеріне қолданылады;

7/ 1992 жылғы 14 ақпанда Минск қаласында қол қойылған "Әскери қызметшілерге, әскери қызметтен босатылған адамдарға және олардың отбасының мүшелеріне әлеуметтік және құқықтық кепілдіктер туралы" Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушылар - мемлекеттер арасындағы Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасында қызмет етуші әскери қызметшілер үшін салық жеңілдіктері;

8/ тұрақты тұру үшін тұрғын үй-жайы жоқ, тұрғын үй-құрылыс /тұрғын үй/ кооперативтеріне кірген немесе жеке тұрғын үй құрылысын жүзеге асырушы немесе тұрғын үй сатып алушы Комитеттің қызметкерлеріне күнтізбелікпен санағандағы еңбек сіңірген жылдарына байланысты:

10-нан 15 жылға дейін - 30 процент;

15-тен 20 жылға дейін - 50 процент;

20 жыл және одан жоғарыларға - 100 процент әлеуметтік норманың шегінде пәтердің, жеке үйдің құнының немесе осы мақсатқа берілген несиенің бір бөлігі өтеледі;

9/ асыраушысынан айрылған Комитет қызметкерлерінің отбасылары өздері тұратын тұрғын үй-жайдан оларға ақысыз басқа тұрмысқа қолайлы тұрғын үй-жай берілместен шығарылмайды;

10/ Комитеттің қызметкерлері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен Ішкі істер министрлігінің медициналық мекемелерінде тегін медициналық қызмет көрсетілуге құқықты. Комитеттің қызметкерлеріне қызмет немесе тұратын орны бойынша Мемлекеттік тергеу комитетінің не болмаса Ішкі істер министрлігінің медициналық мекемелері болмаған немесе оларда тиісті бөлімшелер не болмаса арнаулы жабдықтар жоқ болған кездерде, сондай-ақ шұғыл жағдайларда Мемлекеттік тергеу комитеті қаражаттарының есебінен шығыстар соңынан өтелуі арқылы ведомстволық қатыстылығына және меншік нысандарына қарамастан денсаулық сақтау мекемелерінде ақысыз медициналық көмек көрсетіледі;

11/ Комитет қызметкерлері отбасының мүшелері /әйелдері, ерлері, 18 жасқа дейінгі балалары/, сондай-ақ олардың асырауындағы адамдар Мемлекеттік тергеу комитеті мен Ішкі істер министрлігінің медициналық мекемелерінде тегін медициналық көмекке құқықты;

12/ Комитет қызметкерлері еңбек демалысы кезінде санаториялық-курорттық емдеумен және Мемлекеттік тергеу комитетінің немесе Ішкі істер министрлігінің медициналық мекемелерінде, Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа да мемлекеттік органдардың демалыс үйлерінде, пансионаттарында, туристік базаларында немесе санаториялық-курорттық және сауықтыру мекемелерінде ұйымдастырылған ақы төлейтін демалыспен қамтамасыз етіледі. Бұл жағдайда 20 және одан да көп жыл қызмет істеген қызметкерлерге, сондай-ақ аға және жоғары басшы құрамның қатарынан зейнеткерлерге жыл сайын жолдама алынғандығына немесе алынбағандығына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан санаториялық-курорттық мекемелерінің жолдамасының орташа құнының мөлшерінде ақшадай өтемақы төленеді;

13/ еңбек демалысының ұзақтығына еңбек демалысын өткізетін жерге бару және қайту үшін қажетті уақыт кірмейді;

14/ Комитеттің қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша темір жол, әуе, су және автомобиль көліктерінде еңбек демалысына, оның ішінде емделуге барған және қайтқан жолында тегін жүруге құқығы бар. Сол жылы еңбек демалысына шыққан кезде тегін жүру құқығын пайдаланбаған қызметкерлердің тілегі бойынша келесі жылы көліктің көрсетілген түрлеріне бұл құқықты оның отбасы мүшелерінің біреуі пайдалана алады.

15/ қызмет бойынша орын ауыстыру және қызметтен зейнет демалысына босауы, сондай-ақ денсаулық жағдайы және штаттардың қысқаруы бойынша босауы кезінде Комитеттің қызметкерінің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша Мемлекеттік тергеу комитетінің және оның органдарының есебінен он тонна меншік мүлкін темір жол, ал ол болмаған жағдайда автомобиль және су

көлігімен тасымалдауға құқығы бар;

16/ зейнет демалысына құқығымен /еңбек сіңірген жылдары бойынша, қызмет жағдайының шектеулі жасына жетуі бойынша, денсаулық жағдайы бойынша, штаттардың қысқаруына байланысты/ қызметтен босатылған Комитеттің қызметкерлері қызметінің ұзақтығы 20 жыл және одан да көп болғанда әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы бойынша стационарлық емделуге немесе Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан санаториялық-курорттық мекемелерге темір жол, автомобиль және су көлігімен бару және қайту жолында тегін жүруге /жылына бір рет/ құқықты.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті осы қаулыға сәйкес өз шешімін шығарсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі